

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, философия кафедрасының докторанты **Маликова Асель Маликқызының** докторанты 6D020400 – Мәдениеттану мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген отандық ғылыми кеңесшісінің берген

Пікірі

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Зерттеу жұмысының өзектілігі тек Қазақстан қоғамының қазіргі көпжақты күрделі әлеуметтік-мәдени мәселерімен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, бүкіл дүниежүзілік ғылыми мәдениеттегі терең өзгерістермен, адамның өзін-өзі түсінуіндегі және қоршаған ортаға деген көзқарасындағы үдерістермен де анықталады. Өткен кезеңдердегі гуманитарлық мәдениеттің көрінісі ретіндегі шешендік өнердің даму парақтарын кезектілікпен шолу жасай отырып, біз оны тарихи, ерекше құбылыс деп қарастырамыз. Жинақталған осынау тарихи мұраны, сөз өнері туралы түсініктерді, оның қоғамдағы рухани мәдениетпен өзара байланыстылығын көрсете отырып, біз ол туралы қазіргі заманға қажетті, бүгінгі дәуірге сәйкес келетін түсініктер жүйесін қалыптастыра аламыз. Тіл гуманитарлық мәдениеттің бастапқы белгісі болса, шешендік өнері үшін ең қажетті норма мәдениет болып табылады. Шешендік өнерінің мақсаты тұлға мен қоғамның мәдени игіліктерін молайту, толықтыру болуы тиіс, тарихи қауымдастық зерттеуге, қолдануға лайық деп тапқан идеялар мен түсініктерді бекіту, орнықтыру болуы тиіс.

Риторика өз болмысының нақты формаларында білім мен шеберліктің дербес, көпқырлы саласы ретінде де, мәдени тұтас құбылыстың қажетті бөліктерінің бір ретінде де көрініс бере алады. Қазіргі заманауи шешендік өнер сөздің күшімен адамдарға ықпал ету туралы тұжырымдамалар мен түсініктердің ұзақ уақыт бойы қалыптасу үдерісін білдіреді.

Шешендік өнері әр халықта, әртүрлі өркениеттердің аясында әртүрлі болады. Қазақ халқының риторикалық дәстүрінің дамуында белгілі бір сабақтастылық бар, ұлттық институттардың арасындағы байланыстылық бар, олар бірін-бірі өзара байыта отырып, белгілі бір құндылықтарды қалыптастырады.

Риториканың бүгінгі таңда қоғам жүйесінде қайта түлеуін үйлесімді өмір сүруге, адамгершілікке, өзара түсіністікке, тілектестікке деген ұмтылыс деп атауға болады. Тарихи даму кезеңдерінде риторика өзінің адамды жетілдіру қабілетін дәлелдеді. Бүгінгі таңда жалпы риторикалық білім алатын кез келген сияқты.

Диссертанттың қолданған әдістемесі.

Диссертациялық жұмыстың әдістемелік жүйесін және теориялық негіздерін таңдау мәселенің көп қырлы сипатымен анықталады. Диссертант жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген әдіснамаларды, ұстанымдарды басшылыққа алады. Тарихи-логикалық принцип бүгінгі әлеуметтік –мәдени

үдерістің тарихи тамырларын ашып, қазіргі отандық әлеуметтік сананың тарихи динамикасы мен келешегін бағдарлау үшін басшылыққа алынған. Герменевтикалық тәсіл диссертацияда қазақ шешендік өнерінің мәселелері мен көтерілген әлеуметтік-рухани материалдар тек сол тарихи өмірді ғана белгілейтін құбылыс болып қалмайтынын, сонымен бірге, ол бүгінгі әлеуметтік құбылыстарды әлеуметтік-мәдени тұрғыдан ой елегінен өткізуде негіздік база екенін көрсету үшін қолданылады.

Зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде мәдениеттану саласындағы тарихи мәдениеттанулық, танымдық, герменевтикалық, әлеуметтік-философиялық, жалпы шешендік өнер бағытындағы жарық көрген шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері алынды. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнің белгілі шешендері, ойшылдары, философтары қалдырған еңбектері ерекше құнды: Аристотель, Демосфен, Исократ, Лисий, Платон, Плутарх, Сократ, Цезарь, Цицерон және т.б.

Шешендік өнер проблемалары Э. Берн, Д. Бореи, П. Валери, Р. Дафт, А.Пиз, П. Сопер және т.б. сияқты заманауи шетелдік авторлардың еңбектеріне арқау болды.

Отандық шешендік өнер тақырыбындағы зерттеушілердің жұмыстары сараланып, зерттелді. Атап айтсақ, Адамбаев Б., Қадыршаев А. С., Қосымова Г., Негимов С., Сыздық Р., Раев Д. С., т.б.

Диссертанттың қорғауға ұсынған тұжырымдары.

1. Шешендік өнерді мәдени құбылыс ретінде қарастыру оның пайда болу табиғаты мен қалыптасу тарихымен, адамзат өркениетіндегі қызметімен, жалпы мәдениет әлеміндегі алатын орны және атқарған рөлімен түсіндіруге болады. Талдау барысында мәдени феномен ретіндегі табиғатын, алдымен, шешендіктің сөз өнерінің мәдени-болмыстық тек-тамырын өркениетті контогинездік тұрғыдан мойындай келіп, біздің жеке ғылыми үлесіміз ретінде «шешендік – өркениеттік феномен» және «шешендік - мәдениет» деген концепттер анықталды.

2. Жалпы шешендік өз тәжірибе жағдайларындағы ұзаққа созылған даму жолынан өте жүріп, өмірдің талаптарына қарай өзгеріп, тұрақты түрде жетіліп отырды, сөйтіп тарихи себептерге байланысты өзінің әмбебап нысанын тапты, осының өзі оның қоғамдық өмірдің түрлі салаларында қолданылу мүмкіндіктерін кеңейтті деген тұжырым жасалады. Шешендік өнердің үгіт-насихаттық қырлары оның заманауи қоғамдық маңызын арттыра түсті. Батыс шешендіктің ықпал қуатын үстемелеу, шешендік насихат, ділмар сөздің дәлелдеу және дәйектеу пәрменін күшейту мәдениетіне, наным-сенім мәдениетін өсіруге қатысты белгілі бір ұстаным-қағидалар жүйесін жасады дейтін қорытындыға келгіміз.

3. Шығыс-мұсылмандық мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларын саралау барысында шығыс мұсылман мәдениетінің көне түркі тілдес халықтардың рухани-мәдени мұраларынан нәр алған деген ғылыми тоқтамға келеміз. Жұмыста келтірілген деректер мен көзқарастарға және шығармалардың мәтінінің жазылуындағы стилдік үлгіге негізделі отырып, ондағы материалды мәдени контент ретінде мойындай келе, біз оларды

саяси-әлеуметтік, мәдени гуманистік контекстегі шешендік арнау, шешендік насихат, шешендік уағыз, шешендік толғау, шешендік өсиет формасындағы туындылар деп тануға негіз бар дейтін ой түйіндейміз.

4. Қазақтың шешендік сөз өнері – қазақ халқының дүниені, әлемді тану әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктерінің аясы. Ол қазақтың ұлттық мәдениетінің бар болмыс-бітімін қамтитын кеңістік іспеттес. Ұлт мәдениетінің қалыптасу эволюциясын қазақтың ел болып, ұлт болып қалыптасу процесінің ғұмырнамасы деп айтуға болады. Қазақ шешендігі ұлтымыздың бүкіл ішкі рухани әлемін, тіршілік мәдениетін, сайып келгенде қазақтың ұлт, ел ретіндегі макро-микродүниедегі алатын орнын, болмыс-жаратылысын бейнелейді және ол қазақтың өзін-өзі түсінуі үшін рухани негіз, методологиялық құрал дейтін ғылыми тұжырымға келуге негіз бар деп есептейміз.

5. Шешендік саяси-мәдени концепциялар, оның сабақтастығын пайымдай келе, біз шешендік сөз өнерінің саяси-мәдени құбылыс болатынын тарихи тұрғыдан дәйектей отырып, саясат пен шешендік тамырлас феномен, себебі саясат – шешендік сөз өнерінің шығуы, қалыптасуы және даму алаңы деген қорытындыға келеміз. Шешендік өнері адамның қоғамдық-саяси өміріне ықпалын тигізетін, халықтың тағдырын анықтайтын, әр адамның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени статусын өзгертетін әрекеттік-күш, рухани-мәдени әлеует ретінде мойындалады деген тұжырымға келеміз.

6. Қазақ даласындағы мәдени-адамгершілік құндылықтар – қоғамның материалдық әрі рухани дамуының қажетті шарты. Қазақ би-шешендер ұстанған мәдени-моральдық норма-құндылықтар әлеуметтік қатынаста рухани өлшем, адамдардың өмір сүру ережесі, адам мен адам қарым-қатынас мәдениетінің көрсеткіштері, әлеуметтегі әр адамның өз орнын белгілеу және оны білу үлгілерінің үрдісі деген ғылыми тұжырымға келеміз.

7. Шешендік өнер тақырыбы бойынша әртүрлі аспектіде зерттеу жүргізген зерттеушілердің еңбектері саралай отырып, бүгінгі күнде трансформацияға түскендігі анықталып, своттық талдау жасалған. Мұнда шешендік өнер заман талабына сай үздіксіз өзгеріске түсуі шартты құбылыс деген ғылыми тұжырым жасалынды.

8. Кәсіби шешендікке талдау жасай отырып, біз шешендік өнерінің әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні мен ерекшелігі адамның өз мәнімен байланысты болатын антропоэзектік құбылыс деп санаймыз. «Адам Әлемнің сомасы, оның қысқартылған конспектісі» - дейтін концепцияға сүйене отырып, кәсіби шешендік әлемі дегеніміз адамның белгілі бір салада ашылған түрі, оның проекциясы, шешендіктің трансформацияланған формасы деген тұжырым жасалады. Өзіміздің жеке ғылыми үлесіміз ретінде шетел мен отандық теориялық жұмыстарына сүйеніп, еліміздегі кәсіптік шешендікке баса назар аударуымыз керектігі белгілі болғандықтан, әдістемелік құралдың керектігін байқап, әдістемелік құрал жасалды.

9. Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын сауалнама жүргізу негізінде

эмпирикалық зерттеу арқылы онлайн тренингтердің түрлері мен мәдени сапасы айқындалды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы. А.М.Маликованың диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері 11 ғылыми мақалада көрініс тапты: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған арнайы пәндер бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған арнайы журналдарында – 4; халықаралық ғылыми конференциялардың жинағында – 6; Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1.


Диссертациялық жұмыстың «Ғылыми атақ беру ережесінің» талаптарына сәйкестігі. Диссертант А.М. Маликова зерттеу талаптарын орындай алатын, зерттеу тақырыбының міндеттерін шеше алатын, инициативті талпыныстары бар зертеуші. Диссертациялық зерттеу әдістемелері мәдениеттанулық және пәнаралық зерттеулерді жақсы қолдана білді.

А.М. Маликованың «Шешендік өнер: мәдениеттанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесі» талаптарына сай орындалды.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес Маликова Асель Маликқызының диссертациялық жұмысы «6D020400» - «Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы» (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және қорғауға ұсынылады.

Ғылыми жетекші:

Философия ғылымдарының докторы,
профессор



Р. Иманжүсіп